

Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 26 тамыздағы N 243/37-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2009 жылғы 1 қазанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 590 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 219/25-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 12.12.2017 № 219/25-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңның 43, 43-1 баптарына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса берілген Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы

мәслихатының сессия төрағасы

Н. Мещеряков

Астана қаласы

мәслихатының хатшысы

В. Редкокашин

Астана қаласы мәслихатының
2009 жылғы 26 тамыздағы
N 243/37-IV шешімімен
бекітілген

Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 30 наурыздағы N 29/6-III "Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау қағидалары туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2004 жылғы 28 сәуірде N 324 болып тіркелген, 2004 жылғы 15 мамырда N 62-63, 2004 жылғы 17 шілдеде N 95-96 "Астана хабары", 2004 жылғы 8 мамырда N 56-57, 2004 жылғы 15 мамырда N 59-60 "Вечерняя Астана"

газеттерінде жарияланған, Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 12 шілдедегі N 406/50-III "Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 30 наурыздағы N 29/6-III "Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау қағидалары туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешімімен өзгерістер енгізілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2007 жылғы 24 шілдеде N 473 болып тіркелген, 2007 жылғы 4 тамызда N 131-132 "Астана хабары", 2007 жылғы 4 тамызда N 132-133 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған):

көрсетілген шешіммен бекітілген Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау Қағидаларында:

кіріспе келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Осы Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау қағидалары (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өңделген және меншік түрлеріне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалармен Астана қаласындағы жасыл отырғызғыларды күтіп ұстау мен қорғау тәртібін белгілейді.";

46-тармақтағы ", ал олардың опат болуына кінәлілер әкімшілік жауапкершілікке тартылады" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тарау келесі мазмұндағы 59-1 тармағымен толықтырылсын:

"59-1. Осы Ережені бұзған жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады";

8-тарау алынып тасталсын.

2. Алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 2012.09.25 № 72/9-V (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

3. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.03 N 432/58-IV (алғашқы ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

4. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 23.12.2015 № 447/62-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.